

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Z05T8F6, Нұр-Сұлтан қаласы,  
«Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А ғимараты  
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577  
E-mail: hq@nationalbank.kz



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Z05T8F6, город Нур-Султан,  
район «Есиль», проспект Мәңгілік Ел, здание 57А  
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577  
E-mail: hq@nationalbank.kz

№

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттары

**А.О. Қоңыровқа**  
**Ж.Ә. Ахметбековке**  
**Ғ.З. Құлахметовке**  
**А.А. Милютинге**  
**М.М. Магеррамовқа**  
**Г.К. Нұғмановаға**  
**А.М. Паяевқа**  
**А.А. Сқақоваға**  
**Е.В. Смайловқа**  
**И.В. Смирноваға**

2022 жылғы 4 мамырдағы № ДЗ-162 сауалға

**Құрметті депутаттар!**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің «Қазақстан Халық партиясы» фракциясы депутаттарының жеке банктерді, квазимемлекеттік делдалдарды қаржыландыруға қатысты 2022 жылғы 4 мамырдағы № ДЗ-162 депутаттық сауалын қарап, төмендегіні хабарлайды.

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 7-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасында «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамын қоспағанда, мемлекеттің қатысу бар мамандандырылған салалық банктерді құруға жол берілмейді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 27 тамыздағы № 954 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының қаржы секторын

дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес экономиканың жекелеген салаларын (ауыл шаруашылығы, индустриялық, пошта) дамыту жөніндегі мамандандырылған мемлекеттік банктерді құру бәсекелес ортаны арттыру тұрғысынан, сол сияқты мемлекеттің осы банктер қызметінің тұрақты жұмыс істеуін қолдауы бойынша шығыстары тұрғысынан тиімсіз болып табылады.

Сонымен бірге, мамандандырылған салалық банктерге қолданыстағы заңнамалық тыйым салудан басқа, толыққанды мемлекеттік банкті құру **нарықтық экономиканың қағидаттарына, сол сияқты мемлекеттің экономикаға қатысу үлесін төмендету жөніндегі ағымдағы мемлекеттік саясатқа қайшы келеді.**

Мұндай институт құру, әрине, мемлекеттік бюджетке жүктемені едәуір арттырады және экономиканың басқа басым бағыттарын дамытуға зиян келтіретін тұрақты инвестицияларды бюджеттен бөлуді қажет етеді.

Қаржылық реттеушінің және басқа мүдделі мемлекеттік органдардың барлық сандық және сапалық талаптарын сақтай отырып, жаңадан банк құруға арналған шығыстардан басқа, операциялық қызметті іске асыру банктен нарықтық қағидаттарды ұстануды талап етеді. Ауыл шаруашылығы ретінде бөлінген экономиканың жекелеген салаларын кредиттеу бойынша арнайы бағытта осы саланың субсидиялануын ескеру қажет. Несие портфеліндегі қарыздардың жоғары шоғырлануы кезінде осы саладағы тәуекелділіктің жоғары деңгейі қосымша провизияларды құруды талап етеді және капиталға жүктемені арттырады. Осы қарыздардың сапасы ықтимал нашарлауының шығындарын өтеуге капитал жеткіліксіз болған жағдайда, мемлекеттік қаражат есебінен банкті тиісінше қосымша капиталдандыру талап етіледі.

Жалпы алғанда, соңғы жылдары қаржы секторын қалыпқа келтіру және әлсіз банктердің қаржы нарығынан шығу практикасын ескере отырып, әлеуетті тәуекелдердің деңгейі көрінеу жоғары банкті құру салымшылардың мүдделеріне қатер төндіруі мүмкін, зиянды фискалдау тәуекелін арттырады және жалпы қаржы жүйесінің орнықтылығы үшін тәуекелдердің артуына алып келуі мүмкін.

Қазақстанда ауыл шаруашылығындағы тауар өндірушілердің, өнеркәсіп саласының қаржылық қызметтерге қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік беретін көп деңгейлі жүйе қалыптасқан, атап айтқанда, қызметі ауыл шаруашылығын, өнеркәсіпті, құрылысты кредиттеуге және кепілдендіруге байланысты әмбебап коммерциялық банктердің, кредиттік серіктестіктердің, әртүрлі мамандандырылған мекемелердің жеткілікті мөлшері, оның ішінде «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ және «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры АҚ жұмыс істейді.

Сонымен қатар, тәуелсіз мемлекет құру және қаржы жүйесін дамыту кезеңінде Қазақстанда өнеркәсіптің белгілі бір саласына бағдарланған көптеген мамандандырылған банктер құрылды, олар кейіннен әмбебап болды немесе таратылды (Қазторгбанк, Қазагропромбанк).

Өз тарапымыздан ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіпті дамытудың маңыздылығын түсіне отырып, бұл салалардағы проблемалар оларды қаржыландыру тәсілдеріне жатпайды деп есептейміз. Мемлекет бөлетін ресурстарды пайдаланудың айқындылығын қамтамасыз етуді корпоративтік басқару сапасы, кәсіпкерлік бастама және жалпы көрсетілген экономика салаларындағы мемлекеттік саясат тұрғысынан қарау қажет.

Осыған байланысты Агробанк пен Өнеркәсіптік құрылыс банкінің құру туралы ұсыныс қолдау таппайды.

**Төраға**

**Ғ. Пірматов**

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Z05T8F6, Нұр-Сұлтан қаласы,  
«Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А ғимараты  
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577  
E-mail: hq@nationalbank.kz



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Z05T8F6, город Нур-Султан,  
район «Есиль», проспект Мәңгілік Ел, здание 57А  
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577  
E-mail: hq@nationalbank.kz

№ \_\_\_\_\_

Депутатам Мажилиса  
Парламента  
Республики Казахстан

Конурову А.О.  
Ахметбекову Ж.А.  
Кулахметову Г.З.  
Милютину А.А.  
Магеррамову М.М.  
Нугмановой Г.К.  
Паяеву А.М.  
Скаковой А.А.  
Смайлову Е.В.  
Смирновой И.В.

На № ДЗ-162 от 04.05.2022 года

**Уважаемые депутаты!**

Национальный Банк Республики Казахстан, рассмотрев запрос депутатов Мажилиса Парламента Республики Казахстан Фракции «Народная партия Казахстана» № ДЗ-162 от 04.05.2022 года касательно финансирования частных банков, квазигосударственных посредников, сообщает следующее.

В соответствии с пунктом 7 статьи 3 Закона Республики Казахстан «О банках и банковской деятельности в Республике Казахстан», **создание в Республике Казахстан специализированных отраслевых банков с участием государства, за исключением АО «Жилищный строительный сберегательный банк Казахстана», не допускается.**

Согласно Концепции развития финансового сектора Республики Казахстан до 2030 года, утвержденной постановлением Правительства Республики Казахстан от 27 августа 2014 года №954, создание специализированных государственных банков по развитию отдельных отраслей экономики (сельскохозяйственного, индустриального, почтового) является

неэффективным ни с точки зрения повышения конкурентной среды, ни с точки зрения расходов государства по поддержанию стабильного функционирования деятельности данных банков.

Вместе с тем, помимо существующего законодательного запрета на специализированные отраслевые банки, создание полнофункционального государственного банка **идет в разрез как с принципами рыночной экономики, так и с текущей государственной политикой по снижению доли присутствия государства в экономике.**

Создание такого института, безусловно, значительно увеличит нагрузку на государственный бюджет и потребует регулярных инвестиций из бюджета в ущерб развитию других приоритетных направлений экономики.

Помимо расходов на создание нового банка с соблюдением всех количественных и качественных требований финансового регулятора и других заинтересованных государственных органов, реализация операционной деятельности потребует от банка следовать рыночным принципам. При узкой направленности по кредитованию отдельных отраслей экономики, в качестве которой было выделено сельское хозяйство, следует учесть субсидируемость данной отрасли. Высокий уровень рискованности данной отрасли при повышенной концентрации займов в ссудном портфеле потребует создание дополнительных провизий и повысит нагрузку на капитал. В случае недостаточности капитала на покрытие убытков возможного ухудшения качества данных займов потребуются соответствующая докапитализация банка за счет государственных средств.

В целом, с учетом практики оздоровления финансового сектора и выхода с финансового рынка слабых банков в последние годы, создание банка заведомо с повышенным уровнем потенциальных рисков может поставить под угрозу интересы вкладчиков, повышает риск фискализации убытков и может привести к повышению рисков для устойчивости всей финансовой системы.

В Казахстане уже сформирована многоуровневая система, позволяющая удовлетворить потребности сельских товаропроизводителей, промышленной отрасли в финансовых услугах, в частности, функционируют достаточное количество универсальных коммерческих банков, кредитных товариществ, различных специализированных учреждений, деятельность которых связана с кредитованием и гарантированием сельского хозяйства, промышленности, строительства, в том числе АО «Аграрная кредитная корпорация» и АО «Фонд развития предпринимательства «Даму».

К тому же в период создания независимого государства и развития финансовой системы, в Казахстане создавалось множество специализированных банков, ориентированных на определенную отрасль промышленности, которые впоследствии становились универсальными или ликвидировались (Казторгбанк, Казагропромбанк).

Со своей стороны, понимая важность развития сельского хозяйства и промышленности, считаем, что проблемы данных отраслей лежат не в способах их финансирования. Обеспечение прозрачности использования выделяемых

государством ресурсов следует рассмотреть с точки зрения качества корпоративного управления, предпринимательской инициативы и государственной политики в указанных отраслях экономики в целом.

**В данной связи, предложение о создании Агробанка и Промстройбанка не поддерживается.**

**Председатель**

**Г. Пирматов**